

- 5 Fehllhaber S. American Discourses of Acceleration and the Emergence of an Alternate practice of Modern American Prose Writing in the 1920s//Dissertation zur Erlangung des akademischen Grades Dr. phil. an der Universität Osnabrück, Fachbereich Sprach- und Literaturwissenschaft. – Dezember, 2017. – 313 p.
- 6 Mickalites C.J. Manhattan Transfer, Spectacular Time, and the Outmoded. – Arizona Quarterly: A Journal of American Literature, Culture, and Theory. – 2011. – No. 67(4). – P. 59-82. <https://dx.doi.org/10.1353/arq.2011.0023>.
- 7 McKee R.A. ‘Kerist I wish I was a skyscraper’: John Dos Passos’ Manhattan Transfer, skyscrapers and the predatory modern city. – Journal of Urban Cultural Studies. – 2018. – Vol.5. – Number 1. – P. 53-71.
- 8 Beddow A. Manhattan Nightmares: John Dos Passos, Charles Sheeler and the Distortion of Urban Space. – Moveable Type. – 2010. – Vol. 6.
- 9 Matz J. The Novel//A companion to Modernist Literature and Culture/Ed. by David Bradshaw and Kevin J.H. Dettmar. – Blackwell Publishing, 2006. – P. 215-226.
- 10 Klein S. The Roar of Modernity: Metropolitan Soundscapes and the Making of the Modern Subject in John Dos Passos’ Manhattan Transfer. – Revista Canaria de Estudios Ingleses. – 2022. – No. 84 (April). – P. 69-82.
- 11 Geyh E. P. From Cities of Things to Cities of Signs: Urban Spaces and Urban Subjects in «Sister Carrie» and «Manhattan Transfer». – Twentieth Century Literature. – 2006. – Vol. 52. – No. 4. – P. 413-442.
- 12 A Companion to the Modern American Novel 1900-1950/ Edited by John T. Matthews. – Blackwell Publishing Ltd., 2009. – 592 p.

Received: 10.09.2025

МРНТИ 17.07.41

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp223-235](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp223-235)

А.Ш. Смаилова¹, Б.С. Каукербекова², С.А. Рахымберлина¹, Б.О. Рахимбаева¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан

²Қарағанды Медицина университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан

КӨРКЕМ ФАНТАСТИКА МӘТІНДЕРІНІҢ ВЕРБАЛДЫ ҚАБАТЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Көркем мәтін тілі – күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Оның өзіне тән болмысы зерттеліп жатса да, бүгінгі күн талабынан зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары әлі де баршылық. Солардың бірі – қазақ көркем фантастика мәтіндерінің тілдік-стильдік ерекшеліктері мәселелерін тілдік ғылыми тұрғыда зерделеу. Мақалада қазақ фантаст-жазушысы Абдул-Хамид Ф. Мархабаевтың шығармаларындағы тілдік-стильдік ерекшеліктерінің көрінісі және қазақ көркем фантастикасы мәтіндерінің вербалды қабатындағы лексиканың, атап айтқанда, диалект сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен этнолексиканың қолданылу мақсаты және автордың концептуалды ойын жеткізуге қажетті реалиялары сипатталып, тілдік тұлғалардың автор қолданысындағы мағынасына назар аударылды.

Қиялгер-жазушының шығармасында кездесетін осындай мәтінтүзім бірліктерді не мақсатта қолданатынын нақты дәйектермен түсіндірілді. Авторлар тілдік құралдардың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау негізінде қаламгерлердің стильдік қолтаңбасын анықтауға авторлық-индивидуалды сөзқолданыстар ықпал ететінін айқындап, мысалдармен талдау жасады. Аталған мәселелер қазақ көркем фантастика мәтіні теориясының толыға түсуіне үлес қосады.

Кілт сөздер: фантастика, окказионалды қолданыстар, квазионимдер, вербалды қабат, лингвомәдени бірліктер, трансформация.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Көркем әдебиет – кез келген халықтың, жалпы адамзаттың рухани, мәдени байлығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жететін құндылық. Көркем әдебиет тілін, көркем мәтін тілін зерттегенде, алдымен, шынайы өмірдің эстетикалық бейнесін ашу үшін көркем мәтіннің құрылымдық ерекшелігін және көркем туындының мазмұнын ашатын тілдік құралдардың қызметін анықтау керек.

Көркем әдебиет тілін зерттеудің бүгінгі таңда теориялық негізі қаланып, оның мазмұны, зерттеу нысаны мен мақсат міндеттері, ұстанымдары мен зерттеудің әдіс-тәсілдері айқындалған. Бұл орайда, жекелеген ақын-жазушылардың әдеби тілге қосқан үлесін, сөз қолданудағы көркемдік, шеберлік қырларын, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін қарастырған Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова, Х. Кәрімов, Т. Қоңыров, Б. Хасанов, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Х. Нұрмұханов, А. Әділова және т.б. ғалымдардың зерттеулері қазақ көркем әдебиет стилистикасының ғылым саласы ретінде қалыптасуына өзіндік үлес қосқан еңбектер болып табылады.

А.Әділованың «Көркем мәтін жай ғана ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік құрылым емес, ол сол ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудыратын, мәдени тұрғыда бұрыннан жинақталған білімді жандандыратын, жаңғыртатын және жаңа білім немесе танымды туындататын, қалыптастыратын (генерациялық) қасиетке ие», - деп берген анықтамасы көркем фантастика жанрында жазылған туындылардың да негізгі белгілерін қамтитыны сөзсіз [1].

Фантастика – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Жерден тыс әлемдегі өркениет, тіршіліктің басқаша формалары тәрізді жұмбақ оқиғаларды қамтиды. Ғылыми айналымдағы пікір-тұжырымдарды салыстыра келе фантастика мәтіндеріне тән белгілер ретінде шындықты қиял тұрғысынан елестету, әсірелеп бейнелеу, болмыстағы сан алуан жайттарды қиялда түрлі жұмбақ жағдайда ұштастыру немесе ұлғайтып көрсету, ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, болашақ, беймәлім өмірді топшылау, армандау деген анықтама беруге болады.

Ал бүгінгі күні осы фантастика мәтіндерінің тілдік құралдары мен олардың семантика-стилистикалық жақтары бүтіндей лингвистикалық талдауға түсе қойған жоқ. Фантастиканың тілін зерттеу арқылы көркем туындылардағы тілдік құралдардың көркемдік қызметтерін ашып, талдап көрсетудің мәні зор. Көркем мәтін тілін лингвистикалық талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге жол ашады. Сонымен қатар стилистиканың көптеген мәселелерін шешуге септігін тигізеді. Фантастика мәтіндерінің бейнелеу құралдары, тілдік құрылымы мен стилистикалық тәсілдері көркемдік әлемді модельдеудің ерекше формаларын ұсынады.

Фантастикалық мәтіндердің тілдік табиғаты шынайы өмірде жоқ құбылыстарды сипаттайтындықтан фантастикалық лексиканың мағыналық жаңалығы мен семантикалық аясын анықтап, мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін, оларды зерттеудің қағидалары мен әдістемесін сипаттау керек, яғни фантастикалық шығармаларда тіл тек ақпарат жеткізуші құрал емес, сондай-ақ жаңа әлемді құрудың негізі болып табылады. Қаламгерлер өз қиялын тіл арқылы нақты әлемге айналдырады.

КІРІСПЕ

Фантастика жанрының табиғатын айқындап, осы бағытта қалам тербеген қазақ жазушыларының шығармалары ғылыми-фантастикалық әдебиеттің тууына ұйытқы болды. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінде жер астындағы оқиғаларды алғаш ғылыми-фантастикалық түрде көркем жеткізген «Жер астына саяхат» (А.Машанов), адамзат баласы үшін мәңгілік

өмір іздеген «Лұқман Хакім» (Т.Сұлтанбеков), көзге көрінбейтін адам мен ғажайып сәуле туралы «Ғажайып сәуле» (М.Сәрсекеев), ғарыштағы әлем мен қазақ ауылының байланысы суреттелген «Шолпанға көшкен ауыл» (Ж. Сахиев), «Жұлдыз адамы» (Т. Сүлейменов), генетика тақырыбы мен данышпандық сыры мәселелері қарастырылған «Данышпандық альфасы» (Ш.Әлімбаев), күйіс қайырмайтын жануардың қышқыл сусыны ізделетін «Ғарыштағы қымыз» (Ө.Мархабаев) Қорқыт атаның әрбір ерен ісі ғарышпен байланыстыра суреттелген «Қайта оралған Қорқыт ата» (Р. Бектібаев) және т.б. – осының дәлелі.

Жалпы фантастика – жазушыларға жаңа тұжырымдамалар мен идеяларды дамытуға, оларды әдеби түрде шындықтың басқа көрінісі ретінде көрсетуге мүмкіндік беретін әдебиеттің өте бай жанры. Осы жанрдың алғашқы туындыгерлерінің бірі, қазақ фантастикалық әдебиетінің теориясы мен тарихын жазушы, оқиганы нақты виртуалды шындық ретінде қабылдата білген қазақ фантаст-жазушысы А. Мархабаев: «Фантастиканың басты міндеттерінің бірі ғылымды насихаттау екен. Демек, бұл жанрдың басқа әдеби түрлерден ерекшеленіп тұратын оқшау қасиеті болуы тиіс. Ол фантастика, ғалым, табиғаттану, жаратылыстың құпия құбылыстарын ел арасына, өз оқырмандары ортасына таратумен қатар, өзі де сол ғылымның арқасында өмірге келеді. Яғни, фантастика ғылымды туғызса, ғылым өз кезегінде фантастиканы қамшылайды. Былайша айтқанда, «фантастика-ғылым» және «ғылым-фантастика» тандемі болып келеді. Осылардың жиынтық ұғымы біздің әдебиеттану ғылымымызда «ғылыми-фантастикалық әдебиет» дегенді қалыптастырады», – деп тұжырымдайды [2]. Демек, фантастикалық шығарманың негізін болашақта болмысқа айналуға, жүзеге асыруға мүмкіндігі бар ғылыми идея құрайды.

Фантастикалық мәтін – бұл көпқырлы құбылыс, ол қазіргі кезде лингвистикадағы ғылыми пікірталастардың объектісіне айналған. Қиял-ғажайып мәтінді белгілі бір қарым-қатынас саласы шеңберінде концептуалды негізділігі мен коммуникативті бағыты бар сөйлеу өнімі ретінде қарастыра отырып, оның нақты стилистикалық ерекшеліктерін анықтап, құрылымдау қажет. Осы тұрғыда ағылшын тіліндегі қиял-ғажайып мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар (Н. Глинка, Ю. Зайченко, А. Мачулианска) қиял мәтінінің стилистикалық портретін жасау үшін үш маңызды аспектіні ерекшелеп көрсетеді:

- мәтіннің стилистикалық фонын қалыптастыратын мәнерлі құралдар мен стилистикалық тәсілдер;
- мәтінде мәнерлі құралдар мен стилистикалық тәсілдер іске асырылатын семантикалық өрістер;
- өрістер ішіндегі коннотативті доминант. Бұл зерттеуде стилистикалық портрет белгілі бір мәтінде басым болатын және автордың мәтінде сипатталған құбылыстарға қатынасын көрсететін және оны ұқсас мәтіндерден ерекшелендіретін бейнелілік пен экспрессивтілікке ие тілдік бірліктердің бірегей жүйесі ретінде қарастырылады [3].

Фантастикалық шығармалардың бір ерекшелігі - ерекше «тілдік жағдайдың» артланғандығы (көркем шығармаларда қолдану үшін жасалған жасанды тілдер), табиғи тілдердің стилистикалық трансформациясы және басқа да лингвистикалық әдістер арқылы бейнеленген реалиялары арқылы автордың өзіндік мәдениеті бар әлемді құруы. Мұндай әлемді ресейлік зерттеушілердің бірқатары (Абраменко Е. В., Евсюкова Т. В., Вербицкая М. В.) фантастикалық мәтіндердің құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктерін және олардың баяндаудағы функцияларын анықтай келе «қосалқы мәдениет» (вторичная культура) деп атап және қосалқы мәдениеттің мәтіні «фантастикалық әлемді шындыққа жанасатындай сенімдірек етеді, әр түрлі тілдік құралдарды қолдану арқылы оқырманға оның ішкі логикасына енуге мүмкіндік беретіні туралы түсіндіреді [4,5].

Көркем мәтін жазу кезінде авторлар көбінесе оқырманға не болып жатқанын оңай түсіндіру үшін мүмкіндігінше сенімді сипатталған әлем құруға тырысады. Ғылыми фантастика жағдайында бұл біршама күрделі: оның авторлары, бір жағынан, оқырмандарды өздерінің мәтіндік әлеміне тартуға тырысса, екінші жағынан, олар оқырмандардың өз шығармаларының көркем әлеміне енуіне әдейі және саналы түрде кедергі келтіреді. Дәл осы

жағдайды фантастика зерттеушісі Дарко Сувин фантастика жанрының басты ерекшелігі дей келе, бұл құбылысқа «*когнитивное отчуждение*» (cognitive estrangement)» деген ерекше атау береді [6]. Ал жаңа әлеммен, кейіпкерлермен және нақты әлемнен айтарлықтай ерекшеленетін құбылыстармен танысу үшін фантастикалық жанрдағы шығармалардың лексикалық ерекшеліктері мен оларды іріктеп таңдауда ғалым Сизери Рони: «Читатели ожидают от фантастического новых слов и выражений, обозначающие новые (научно-фантастические) понятия, так же как зрители от фантастических фильмов и сериалов ожидают спецэффектов. Неологизмы являются показателями «радикальной новизны», отличительной черты жанра, и играют немаловажную роль в построении логики повествования научно-фантастического произведения, так как обозначают фантастические допущения. Методы и способы создания неологизмов основаны на существующих лингвистических моделях в данном языке» деген пікірін білдіреді [7]. **Сонымен көркем фантастика мәтіндерінің стилистикалық ерекшеліктері** — бұл жанрға тән тілдік, көркемдік және композициялық тәсілдердің жиынтығы. Олар автордың қиялындағы әлемді, болашақ қоғамды немесе ғылыми жаңалықтар негізіндегі оқиғаларды нанымды етіп көрсету үшін қолданылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты - қазақ көркем фантастика мәтіндерінің тілдік-стильдік ерекшеліктері мәселелерін тілдік ғылыми тұрғыда зерделеу. Осы тұрғыда ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған фантастика саласындағы әртүрлі ғылыми еңбектері сұрыпталып және олардың еңбектерінде келтірілген талдау мен тұжырымдар осы зерттеудің ғылыми негізіне айналды. Қойылған мақсаттарға жетудің құралы - белгіленген тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеп, жұмыстың теориялық негізі ретінде отандық және шетелдік лингвистердің еңбектері пайдаланылды. Қазақ және шетелдік лингвист ғалымдарының мәтін мәселесі, соның ішінде ғылыми-фантастикалық көркем мәтінді зерттеген еңбектері зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі болды. Мақаланы жазуда дереккөз ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдар пайдаланылып, сұрыптау, жіктеу, жүйелеу әдістері негізге алынды.

Жалпы фантастика мәтінінің өзіне тән болмысы, табиғаты көркем мәтін аясында сөз етілгенмен нақты зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Мақалада қазақ фантаст-жазушысы А. Мархабаевтың шығармасындағы тілдік-стильдік ерекшеліктерінің көрінісі мен вербалды қабатындағы лексиканы қолдану мақсатына, белгілі бір сөздің, тілдік тұлғалардың автор қолданысындағы мағынасына көңіл бөлінеді. Сондай-ақ зерттеуде қойылған міндеттерді орындау үшін А.-Х.Ф. Мархабаевтың қалың оқырманға кеңінен танымал «*Жұлдыздар жарығы жерге жетеді*» атты туындысына талдау жасауға тырыстық.

Фантастикалық шығармалардың тілі – ерекше стильдік құралдар мен көркемдік әдістерге толы күрделі жүйе, сондықтан фантастика тілін зерттеуде лингвостилистикалық әдіс басты орын алады, себебі бұл жанрда тіл — көркемдік пен ғылыми мазмұнды біріктіруші құрал. А.-Х.Ф. Мархабаевтың туындысында кездесетін тілдік қолданыстардың мәтіндегі ақпарат түрлерін жеткізудегі қызметін ашу үшін зерттеудің негізгі әдістері ретінде стилистикалық талдау әдісін, мәтіндік талдау әдісін, лингвомәдени талдау, лингвистикалық бақылау әдісін, үздіксіз іріктеу әдісін және лингвистикалық сипаттауды таңдадық, оның ішінде, **лингвостилистикалық талдау** – автор қолданған тілдік құралдарды анықтау, **контекстік талдау** – жаңа сөздер мен құрылымдардың мағынасын мәтін ішінде ашу, **салыстырмалы талдау** – реалистік шығармалармен салыстыра отырып, фантастика тілінің айырмашылықтарын көрсету болды.

НӘТИЖЕЛЕР

Жалпы фантастикалық туындыларда қаламгердің өзіндік стиль даралығы авторлық сөзқолданыстары, сөзжасам модельдері мен қолданған квазитерминдерінен, яғни сөздерді белгілі бір мақсатта қолдануынан көрінеді. Абдул-Хамид Ф. Мархабаевтың шығармасында фантастикалық терминдер, диалект сөздер, фантастикалық кәсіби сөздер, авторлық неологизмдер, трансформацияланған мақалдар, қысқарған сөздер, күрделі атаулар, айқындауыш мүшелер жиі кездеседі.

Көркем фантастикалық шығармаларды оқып отырғанда, әдеби тіл нормасына түспеген, тек белгілі бір ортада ғана белсенді түрде қолданылатын сөздер, яғни диалектизмдер кездеседі. **Диалект** (гр. *dialektos* – сөйлеу ерекшелігі) лексикаға белгілі бір жердегі жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер жатады. Диалект сөздер ұлттық лексиканың құрамына кіреді, бірақ олар жалпыхалықтық болып есептелмейді, өйткені олардың басым көпшілігінің жалпыхалықтық тілде, әдеби тілде баршаға түсінікті баламалары бар.

Диалектизмнің фантастикада қалай көрініс табатынын төмендегі мысалдар байқатады:

Барлығымыз да, әлгі сарапшы-тамырдың айтуына қарағанда, осы жерде **әнтекстік** жасаптыз.

Олар: «Қаждағы қосаяқты етқоректі тіршілік иелерін **мұралдатамыз**» деген желеумен, планета беті, қойнауындағы іліп алар байлықтарды басқа планеталарға асырып жіберген деседі.

Осы Жарыс қарсаңында Батыс түпкірлеріндегілерге ынабаттылығымен, қолға алған шаруасы **нісентті**, тыңғылықты, басқа көршілер халқына ешқандай **несиен**, ғайбат сөз бірде-бір ультратолқындарынан шығып көрмеген Коре планетасының басына қасірет үйірілді.

Сондықтан да Жайсаң кітаптар Жарысы бұлардың не теңі?! **Мұрсалары** жоқ қой?!

«Былай болса, - деп оларды сосын ЖЖЖЖ, - айтпаса да мына маубастардан қайбір тартымды, **әтібірлі**, ауыз тұшырлық, көңіл көншірлік пікір күтерсің».

Роботтың маңдайынан төменірек орнатылған **миттей** қос шам алма кезек жыпылықтап жүре берді.

Ішкі сарайы, жартылай бионейронды бастарының қандай екені қайдам, ал мына тыс **бәгәрнәйі** қатқан! Қарасаң көз тоймайды-ау, тоймайды.

Бұл жерде Реж өкіліне ұнаған нәрсе – **нән** компьютер иісдыбысбейне таспасындағы дастанның әр шумағы қолма-қол аударылатыны.

Өзіміздің Қызғылт күннің Сегізінші планетасында жаңа, **нәті** мүлде өзгеше, әмбебеп компьютер құрастырылыпты.

Күні бүгінге дейін ТК он сегіз мың ғаламға **бостекей** зымыран сабылтып, Реждің өзіне де қасқалдақтың қанындай қат қаншама барелль фотонмай сарп етілді?!

Бас Баһадүрдің өзі меншіктеп бөлген, сенің тақымыңа түскен зымыранның алба-жалбасын шығарып, құртып, **лакса** қылғаныңды мәлімдеді. Өңдеуден соң иесінің өзі танымай қала жаздаған-ды: сыртқы **бәгөрнай**-әрін мүлде басқа түрге бояп, тағы да сырт келбетінің әр жерлерін жасап-құрағанда, қалай құлпырып шықты десеңші.

Жоғарыда келтірілген кейбір диалект сөздердің жеке тұрғанда мағынасын дәл айтып беру қиын және сөздер сөйлем ішінде, контексте ғана белгілі бір мағынаға ие болады. Мысалдарда қолданылған кейбір сөздердің, атап айтқанда, **әтібірлі**, **нісентті**, **күләбісіне**, **бершімектеніп**, **бәгөрнай**, **бәгәрнәйі** дегендердің мағынасын бірден айта қою қиындау. Дегенмен, Оңтүстік Қазақстан өңірі тұрғындарының жергілікті тұрмысында қолданылатын бұл сөздердің жазушының туған өлкесіне қатысы бары анық. Кейбір өңірлерде ғана қолданылатын мұндай ерекше сөздер адамдардың түсінбеушілігін де тудырып жатады. Диалектологиялық сөздікте **әтібірлі** деген сөз абыройлы, абырой деген ұғымды берсе, **нісентті** – сақ, сенімді, тыңғылықты, бәгөрнай, бәгәрнәйі – сырт келбеті, түрі деген

мағынада жұмсалған. Автор бәғернай, бәғернәйі деген сөздердің орнына кейде репеті деген сөзді қолданған.

Жалпы диалектілер арасында да көпмағыналылық, омонимдік, синонимдік ерекшеліктер жиі кездеседі. Қиялгер жазушылардың еңбектерінде омонимдік ерекшеліктері кездесті. *Мысалы, нәті* диалектісі – солтүстік аймақта анық, жете, оңтүстік говорында негізі, асылы, тегі деген мағынаны береді. Диалектологиялық сөздікте *әнтек* – болар-болмас, сәл ғана, азғана; онша лайық болмайтын, орынсыз ағат деп екі мағынасы берілген. Жоғарыда келтірілген сөйлемде әнтектік екінші мағынаға сәйкес келіп тұр[8].

Ал А.Х. Мархабаев қолданған *мұралдату, миттей, пәтуаласу* сөздері диалектологиялық сөздікте жоқ. Авторлардың мұндай жергілікті сөздерді өз шығармаларында қолданудағы мақсаты - әдеби тілде баламасы жоқ диалектизмдермен тілімізді байыту деп түсіну керек сияқты. Себебі ғалым Ш.Сарыбаев: «Көркем шығармада әдеби тілде баламасы бар диалектілерді қолданғаннан гөрі, таныс емес, әдеби тілде баламасы жоқ кейбір тіл ерекшеліктерін қолданған дұрыс», - деп санайды [9].

Сонымен фантастикалық шығармаларда қиялгер-жазушылар диалект сөздерді мынадай мақсаттарда:

- кейіпкер басындағы эмоциялық-психологиялық күйді ашу үшін;
- сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттыру, сол арқылы айтар ойын оқырман көңіліне бірден, нақты жеткізу үшін;
- кейіпкер тілінде оның образын (мінез-құлқын, дүниетанымын, тыныс-тіршілігін) таныта түсу үшін;
- кейіпкер бейнесін сомдау, ойдың әсерлі көрінісін беру үшін қолданады.

Қазақ тілінің сөздік қорында ерекше орын алатын **фразеологизмдер** шығармаға айрықша өң беріп, туындыны жандандыра түседі. Олардың ерекшелігі – экспрессивті-эмоционалды реңкке ие болуы.

Қаламгер тілі байлығының бір қырын фразеологизмдер танытады. Қиялгер-жазушы өз туындысында фразеологизмдерді ойын бейнелі әрі әсерлі етіп жеткізу үшін мейлінше мол қолданған. Аталған көркем мәтінде фразеологизмдер кейіпкерлердің жан дүниесін, күйзелісін, өкінішін, қуанышын психологиялық сезімдерін жеткізуде ерекше орын алады. Толығырақ мысалдармен дәлелдейік:

Сол Ісмер планетасы өз төбелеріндегі күллі Пырақ шоғырындағы ең жарық Ақ-Сарғыш Күндері Батыс Галактиканы тұрақты дербес орбитасымен бір айналып шыққанға дейінгі ауыз жарытымсыз, қарыс сүйем уақыт арасында қалай тамаша көркейгенін қарамайсың ба?

Өздері үшін «етек-жеңі жиыңқы», ықшам Ісмерін құшақтай, мұп-мұнтаздай гып қойғаны Галактиканың осы түкпіріндегі планеталарға түгел жария.

Ана планетадан – бір, мына планетадан – бір алыпқашты сөздер шым-шымдап шығып жатты.

Не дегенмен «жазмыштан озмыш жоқ қой», қаншама әрекеттенсең де, биодене болғасын, мерзімі жеткенде тозады.

Фай-қағаздың бірінші бетін жоғарыдан төмен қарай тез көзімен жүгіртін өтті. Қас пен көздің арасында жаңағы әңгіменің мәнін қағып алды.

Бұлар қалайша уәлаяттарды басқарып жүр мына сықлыттарымен? «Орталықтағы біздердің аузымызды баққаннан басқа тірлік қылу жоқ қой мыналарда!» - ЖЖЖЖ шынымен-ақ қынжыла бастады.

Қожайынның көңіл хошы бірден түсіп кетті. Жеркөлік іші құлаққа ұрған танадай.

Әкімшілік бөлген саяжайға жетем дегенше әлгі сұмдық ой оның салын сұға кетіріп, үнжырғасын түсіріп бітті.

Осынышама ұшы қиырына жеткізгісіз Галактикадан (Құдай-ау)жібі түзу бір компьютер табылмады дегенге кім сенер?

Осындай күстана сөздерді төте тікелей бетіне салық қып айтпаса да, ТК биоқұлағымен қаймана қазақтың еміс-еміс естіп жүрген жайы бар... Сондықтан ол жанын қоярға жер таппай, плазма қабадан ауға түскендей, сандалып аласұруда.

Сонымен қатар фантаст-жазушы жекелеген фразеологизмдерді өзгерту арқылы окказионалды қолданыстар жасаған. Бұл оның тілдік тұлға ретінде шеберлігімен даралығын, өзіндік мәнерін аңғартады. Қаламгер жаттанды сөздерге әуес емес, ол көпшіліктің жүрегіне жақын қарапайым түрде фразеологизмдерді қолданысқа түсіре білген:

Оның дәмі биоөңешті тіліп кетердей ащы, иісі биотанауды кеңсірікпен қоса жарып жіберердей ерекше сұйық пайда болады. Ол «сотанақ су».

Таптым! – Қандай маубасын! Өзінің екі биоөзүі екі биоқұлағына ілініп қалыпты.

«Мынадай іріктеу бола ма?! - Өздерінде микроиненің жасуындай нысап жоқ шығар! Кілең – кірмелер! Аннан қашқан, мыннан қашқандар! Сонда қай планетаның жыртасын жыртпақ болар!?»

Енді бар билік тек қана планетаның Төре Компьютершісіне тиді. Оның қорұнд ине жасуынан өтетін, нейтрионға бергісіз өткір – сүзжұқпас екенін әркім мойындайды.

Бір ғарышқұлақтың айтуынша, өздерінің Қызғылт Күн жүйесіндегі Бесінші планета – Юпитердің Ганимед серігінде «мынауский» компьютер бар көрінеді. Бірақ «шақ-шақ» етіп, биотөбекұйқанды шымырлатады екен. Биоқұлаққа түрпідей тиеді екен.

Олимпиадаға осы қазірден дайындалмасақ, қараңыз да тұрыңыз, ертең басқалар құрамында натрий карбонаты бар тақыр мұзға жалаңаш отырғызып кетері айдан анық!

Бұл мысалдарда идиомалар құрамындағы соматизмдер мен артефакт атаулары квазионимдермен алмастырылған, яғни автор адамның дене мүшелеріне «био» сөзін тіркеп, жанрға тән жаңа лексика жасаған, жалпы халықтық тілдегі тұрақты тіркестер негізінде, сөз қосу немесе қысқарту арқылы жаңа тіркес, авторлық тіркес жасаған. Осы фразеологизмдерден көркем мәтіннің фантастикалық жанрға жататынын бірден аңғаруға болады.

Фразеологизмдер тұрақты тіркестер болғанмен, жазушы оны сөз қолданысында әңгіме өрісіне лайықтап, белгілі бір өзгеріске түсіруі мүмкін. Тұрақты тіркестердің халық тіліндегі вариантын өзгертіп қолдануы туралы академик Р.Сыздықова: «Фразеологизмдерді өзгерту мотивтері де килы, бірі стиль қажетінен, фразеологизмге қосымша мағыналық реңк үстеп, оларды ұтымдырақ ұсыну мақсатымен пайда болатын өзгеріс», - дейді [10]. Ғалымның пікіріне сүйене отырып, автор шығармаларына назар аударайық. Көркем мәтіндерде фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуын жалпы тіл ғылымы трансформацияланған фразеологизмдер (өзгертілген) деп атайды. А. Мархабаевтың туындыларында трансформацияланған фразеологизмдерді де кездестіруге болады, мысалы, төмендегі сөйлемде арасынан қыл өтпеу тұрақты тіркесіндегі сөз алмастырылған:

Ал ертеректе араларынан жарты микрон өтпестей, етжақын дос қалыпта келген, «бірісіз екіншісінің тамағынан ас жүрмейтін» қос егіздей Айдаһар мен Арыстан планеталарына не көрім көрінді десеңші?

Сонымен қатар фантаст-жазушы мақал-мәтелдерді де ұтымды пайдаланған. **Мақал-мәтелдер** – көркем әдебиетте көп қолданылатын тілдің көріктеуіш тәсілдерінің бірі және кейіпкер тілінде мазмұн мен ойды беруде қолданылған мақал-мәтелдердің қызметі ерекше.

Халық тілінің байлығы, шырайы болып табылатын мақал-мәтелдер фантастикалық мәтіндерде көбінесе кейіпкер тілінде кездеседі. Жазушылар мақал-мәтелдерді халық тіліндегі түпнұсқасымен де береді, кейде жаңғыртып, өзгертіп қосымша рең, мағына туғызып, сөйлем құрылымына байланысты икемдеп, өзіндік стилін көрсетуге де қолданады. Әсіресе, фантастикалық шығармаларда өзгеріске түскен, яғни трансформацияланған мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мұндай өзгерістер А. Мархабаевтың шығармаларында да көп кездеседі. Мысалы:

– Тамырлар! – деп алды. – «Жазда мінер зымыранды қыста сайла» деп бұрынғылар біліп айтса керек.

Тағы бір ойына: **«Өсер планета баласы бірін-бірі ақын дер», «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын»...** дегендей сөздер орала берді.

Бүгінде жұрт қарап жүре ме? Сыбыр-сыбыр көп қой... **«Реж құлағы елу»** деп ел айтушы еді.

Есі-дерті – Мықырдың құпиясын білу. Қалай сонда? **«Қара ұылдырықтың бір молекуласына дейін бөліп жарып жеп жүргенде»...**

Сонымен жазушы мақал-мәтелдерді:

– кейіпкер тілінде қолданып, әсерлілік, мәнерлілік туғызады;

– кейіпкерлерін басқа кейіпкерлерден даралау мақсатында жұмсайды;

– кейіпкердің айтайын деген ойын жандандырып, ұлттық ажар беру үшін қолданады.

Жазушының стильдік қолданысына түскен мақал-мәтелдер шығарма тілін шұрайландыра түскен.

Абдул-Хамид Ф. Мархабаев шығармаларында адам қиялынан тыс әлемде болып жатқан оқиғалар мен өмір сүріп жатқан тіршілік иелері туралы сөз болып жатса да, **этнолексика** көптеп кездеседі. Оның ішінде, ұлттық мәдениеттің ерекше көрініс беретін саласы — киім-кешекке байланысты атаулары. Көркем шығармада қолданылатын этноатаулардың ұлттық реңк жасаудың бірден-бір құралы, негізі болатындығына көз жеткізу үшін, қиялгер-жазушының шығармаларынан алынған төмендегі үзінділерді келтіруге болады: (тағы қосу керек.).

1) *...ЖЖЖЖ қарағаннан қарап отырып қаперімде өзінен өзі бір ысыды, бір суыды... Тіпті иығындағы **бешпентін** шешіп, орындық арқалығына асқанын да білмеді.*

2) *Мойыңға таққанда, он сегіз амин қышқылдарының қан қысымын реттеп тұратын **алқа, сақина-жүзік, білезікке** өз планетасында көңіл аударып, біздердегідей таласып жатқан ешкім жоқ.*

3) *ТК олардың әрқайсысын алып, бүйіріндегі алабажақ жазуларын оқып отыр. Бірсыпыра тінткілегесін тапты-ау, әйтеуір. Сықпа түтік бүйірінде **«Қазы-қарта»** деген жазулы біреуін, **«Құйрық-бауыр»** деген екіншісін қолына ұстатты. Сосын **«Шұбат»**, **«Айран»** сықпаларын тапты.*

Бұл сөйлемдердегі этноатаулардың ерекшелігі – жазушының мұндай тілдік бірліктерді фантастика жанрына тән етіп, сол стильге бейімдеп, ұтымды, шебер қолдана білуінде әрі осындай этнолексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Осындай ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, ұлттық тағам атаулары бір жағынан, ұлттық болмысты көрсетіп лингвомәдени бірліктер болса, екінші жағынан белгілі бір стильдік жүк арқалап тұр.

ТАЛҚЫЛАНУЫ

Кез келген тілдік құрал көркем шығарма тілінде жөнсіз, қисынсыз қолданылмайды. Ондағы күрделі синтаксистік құрылымдар, мағыналық топ құрайтын сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер – бәрі де жазушы талғамы мен концептуалды ойды түзуге қызмет ету үшін қолданылатын тілдік құралдар болып табылады. Фантастика мәтіндерінің бейнелеу құралдары, тілдік құрылымы мен стилистикалық тәсілдері көркемдік әлемді модельдеудің ерекше формаларын ұсынады.

Орыс ғалымы Д.Д. Ложкина филологиядағы фантастикатану мәселелерін қарастырған мақаласында лингвистика тұрғысынан зерттеу жұмыстарының аз екенін айта келіп, мынадай мәселелерге жеткілікті назар аударылмай келе жатқанын айтады: «как реализуются в фантастическом тексте языковые средства и как они связаны между собой; какие из них наиболее частотны; какие особые функции они реализуют именно в фантастической литературе; как они встраиваются в речевую стратегию автора, как отражают прагматические установки текста; как именно происходит остранение и каким образом система языковых средств позволяет автору правдоподобно изобразить необычайное» [11]. Бұл орайда автор қолданған тілдік бірліктер – өзі суреттеп отырған болмыс пен кеңістікті,

ондағы адамдар мен басқа да қиялдан туған кейіпкерлерді, олардың қарым-қатынасын, пікір-тұжырымдары мен олар қолданатын түрлі артефактілерді нақты, әсерлі сипаттап, оқырманды иландыруға, оның санасын серпілтуге қызмет ететін бірден-бір құрал екені сөзсіз, яғни фантастика жанрындағы көркем мәтіндерде міндетті түрде тілдік креативтілік болу керек.

Ал ғылыми фантастикалық мәтіндердің тілдік креативтілігін сөз еткен ғалымдар А.В. Олянич мен Л.М. Рыльщикова: «Лингвосемиотическая креативность, по нашему мнению, представляет собой способность творческой личности (писателя и рассказчика) создавать языковые знаки фантастической реальности (гиперреальности будущего), давать им функционально нагруженные определения и формировать для их актуализации особую коммуникативную среду (художественные произведения научно-фантастической тематики)» деп тұжырымдайды [12]. Дегенмен кез келген фантастикалық шындық, әрине, бірден пайда болмайды, яғни ол Жер бетіндегі шынайы тұрмыс пен ондағы адамдардың түйсінуі, қабылдауы, қарым-қатынас жасауы нәтижесінде пайда болады, демек, гиперреалды болашақты сипаттау үшін тіл жүйесінде бар бірліктер таңдалып алынады да, олар автор интенциясына сай еш өзгеріссіз немесе трансформацияға түсіп қолданылады.

Сондай-ақ, ғылыми-фантастикалық шығармалардың тілдік ерекшеліктерін зерттеген шетелдік ғалымдардың бірі – **G. Muradian** ғылыми фантастика мен реалистік әдебиеттің стилистикалық айырмашылықтарын талдап, ғылыми фантастикада жиі кездесетін неологизмдер, техникалық терминдер және метафоралардың қолданылуын зерттесе [13], **П. Стоквелл** ғылыми фантастика жанрының тілдік, баяндау және поэтикалық стратегияларын зерттейді. Ол жаңа сөздер мен метафоралардың қолданылуын, сондай-ақ ғылыми фантастикадағы әлем құру тәсілдерін талдайды [14]. **И. Нолетто** ғылыми фантастика әдебиетіндегі ойдан шығарылған тілдердің стилистикалық аспектілерін зерттеп, глоссопоэзия (тіл жасау өнері) мен әлем құру, баяндау және риторика арасындағы байланысты талдайды [15]. Жоғарыда ғалымдардың айтқан пікірлері мен зерттеулерінен фантастика мәтіндерінің стилистикалық ерекшеліктері әлемнің қиял арқылы жасалған бейнесін тілдік тұрғыда айқын көрсетуге мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Кез келген стильдегі мәтіннің стильдік-тілдік ерекшелігі, негізінен, лексика қабатынан ізделеді, көркем фантастика мәтінінің синтаксистік конструкциялары күрделі, көркем ойды білдіруге арналғандықтан, жай және құрмалас сөйлемдердің барлық түрлері кездеседі. Сондай-ақ кейіпкерлердің дүниетанымын, өмір туралы түсінік пайымын, қиялдағы кеңістікте болып жатқан түрлі оқиғаларды нақты сипаттап, суреттейтін көркем мәтіннің вербалды қабатына назар аударып отыру қажет болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалаға негіз болған тақырыптың аясын кеңінен ашу үшін материал ретінде ғылыми-фантастикалық шығарма таңдалғандықтан фантастиканың әртүрлі анықтамалары қарастырылды, сонымен қатар осы жанрдың негізгі ерекшеліктері, атап айтқанда, автордың кеңістік пен уақытты сипаттау барысында қолданған реалияларының қолдану мақсаты нақты дәйектермен талданды. Сондай-ақ, мұндай авторлық сөзқолданыстар оқырманға ойдан шығарылған әлемді шынайы және мәнерлі түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

А.Х. Мархабаев шығармасының вербалды қабатын талдай келе, қаламгердің өз шығармасында сюжеттің дамуына байланысты қарапайым адамға тән емес кейіпкерлер жасауда және көркемдік тұрғыда негіздеуде диалектілерді, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді, мәдени лексиканы ұлт болмысын танытуда, кейіпкердің мінез-құлқын және оның образын жасауда ұтымды қолданған. Сонымен ғылыми-фантастикалық мәтіннің лексикалық элементтері, оның ішінде, реалийлердің берілу тәсілдері фантастикалық туындылардың лексикалық және стилистикалық мәселелерін толықтыруға және тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қазақ көркем фантастика мәтіндерінің вербалды құрылымындағы лексикалық бірліктер, олардың жасалуы, экспрессивтілігі мәтіннің стильдік ерекшеліктерін таныта алады. Фантастикалық шығармаларда ұлттық тіл лексикасының барлық қабаттарына тән тілдік бірліктер қолданылған, бұл заңды да, себебі көркем шығармада ойлау мен танымды, пайымдауды жеткізу үшін жалпы халыққа түсінікті сөздер, этномәдени лексика, түрлі бейнорма элементтер (диалектизмдер), көркемдегіш құралдар, эмоционалды-экспрессивті әлеуеті мол бірліктер жұмсалатыны белгілі. Қиялгер-жазушының туындысындағы мәтінтүзімдік бірліктер қазақ көркем фантастика мәтіні теориясының толығына түсуіне үлес қосады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. – Алматы: Эверо, – 2016. – 100 б.
- 2 Мархабаев. А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория. – Алматы: Жазушы, 2011. – 50 б.
- 3 Glinka N., Zaichenko Y., & Machulianska, A. Stylistic Portrait of English Fantasy Texts. // Arab World English Journal. - №4 (12). – 2021, pp. 294-307. DOI: [10.24093/awej/vol12no3.20](https://doi.org/10.24093/awej/vol12no3.20).
- 4 Абраменко Е. В., Евсюкова Т. В. Повествовательные уровни в научно-фантастическом тексте и их метапрозаические импликации // Балтийский гуманитарный журнал. 2019. – №1(26). С. 13–16.
- 5 Вербицкая М. В. Теория вторичных текстов (на материале современного английского языка): автореф. дис. док-ра филол. наук. Москва, 2000. 47 с.
- 6 Suvin D. Positions and presuppositions in science fiction. – Baasingstoke, Macmillan Press. – 1988. – 241 p.
- 7 Csicsery Ronay. The Seven Beauties of Science Fiction. – Middletown, Conn. : Wesleyan University Press. – 2008. – 323 p.
- 8 Айтбайұлы. Ө., Әбдрахманов. С. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 9 Сарыбаев. Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері: ғылыми басылым. / Ш. Сарыбаев. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 624 б.
- 10 Сыздық. Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар./ Р. Сыздық. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
- 11 Ложкина Д. Д. Место лингвистики в современном фантаствоведении // Известия Саратовского университета. Серия: Филология. Журналистика. 2021. Т. 21, вып. 4. С. 406–411.
- 12 А.В. Олянич, Л.М. Рыльщикова. Лингвосомиотическая креативность актуализации концепта «информация о будущем» в научно-фантастическом дискурсе / Вестн. Волгогр. гос. ун-та. Сер. 2, Языкозн. – 2015. – № 4 (28) – С.81-93.
- 13 Muradian G. Metaphoric Blending in Science Fiction. / *Studies about Languages*. – 2013. - №22. DOI: [10.5755/j01.sal.0.22.2656](https://doi.org/10.5755/j01.sal.0.22.2656).
- 14 Stockwell P. The Iconicity of Style in Contemporary Science Fiction. / *English Studies*. – 2022. - №3.(103). P. 494–511. DOI: [10.1080/0013838X.2022.2050627](https://doi.org/10.1080/0013838X.2022.2050627).
- 15 Noletto I. Fictional Languages in Science Fiction Literature: Stylistic Explorations. – London, Routledge. – 2024. – 270 p.

Материал 02.04.2025 баспаға түсті

Особенности вербального слоя текстов художественной фантастики

А.Ш. Смаилова¹, Б.С. Каукербекоева², С.А. Рахымберлина¹, Б.О. Рахимбаева¹

¹Карагандинский исследовательский университет им. Е. А. Букетова, Караганда, 100026, Республика Казахстан.

²Медицинский университет Караганды, Караганда, 100026, Республика Казахстан.

Язык художественного текста – явление сложное, загадочное и многогранное. Несмотря на его изученность, есть еще некоторые аспекты, требующие необходимости в исследовании в связи с сегодняшними требованиями. Одним из них является лингвистико-научное изучение языковых и стилистических особенностей казахских художественных текстов. В статье описаны языковые и стилистические особенности произведений казахстанского писателя-фантаста Абдул-Хамида Ф. Мархабаева, определена цель использования определенной лексики в художественных текстах, в частности казахских диалектных слов, фразеологизмов, пословиц с этнолексикой и реалиями, это необходимо для передачи автором своих концептуальных идей.

Также уделено внимание значению фигур речи, используемых писателем. Использование подобных текстовых единиц, встречающихся в творчестве писателя-фантаста, объясняется на примере конкретных отрывков. На основе разграничения художественно-стилистической функции языковых средств автор статьи определяет, что авторско-индивидуальное словоупотребление способствует определению стилистического почерка писателя, что подтверждается проанализированными примерами. Таким образом, анализ подобных проблем способствуют развитию теории художественного текста.

Ключевые слова: вымысел, окказионал, квазионимы, вербальный слой, лингвокультурные единицы, трансформация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Адилова А.С. Стилистика восприятия. – Алматы, Эверо. – 2016. – 100 с.
- 2 Мархабаев. А-Х. Состояние жанра фантастики: история и теория. – Алматы: Жазушы, 2011. – 50 с.
- 3 Glinka N., Zaichenko Y., & Machulianska, A. Stylistic Portrait of English Fantasy Texts. // Arab World English Journal. - №4 (12). – 2021, pp. 294-307. DOI: 10.24093/awej/vol12no3.20.
- 4 Абраменко Е. В., Евсюкова Т. В. Повествовательные уровни в научно-фантастическом тексте и их метапрозаические импликации // Балтийский гуманитарный журнал. 2019. – №1(26). С. 13–16.
- 5 Вербицкая М. В. Теория вторичных текстов (на материале современного английского языка): автореф. дис. док-ра филол. наук. Москва, 2000. 47 с.
- 6 Suvin D. Positions and presuppositions in science fiction. – Baasingstoke, Macmillan Press. – 1988. – 241 p.
- 7 Csicsery Ronay. The Seven Beauties of Science Fiction. – Middletown, Conn. : Wesleyan University Press. – 2008. – 323 p.
- 8 Айтбайулы. О., Абдрахманов. С. Диалектологический словарь. Алматы: Арыс, 2007. – 800 с.
- 9 Сарыбаев. Ш. Вопросы казахского языкознания: научное издание. / Ш. Сарыбаев. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 624 с.
- 10 Сыздык. Р. Архаические и неологические явления казахского языка./ Р. Сыздык. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 с.
- 11 Ложкина Д. Д. Место лингвистики в современном фантастоведении // Известия Саратовского университета. Серия: Филология. Журналистика. 2021. Т. 21, вып. 4. С. 406–411.
- 12 А.В. Олянич, Л.М. Рыльщикова. Лингвосомиотическая креативность актуализации концепта «информация о будущем» в научно-фантастическом дискурсе / Вестн. Волгогр. гос. ун-та. Сер. 2, Языкозн. – 2015. – № 4 (28) – С.81-93.
- 13 Muradian G. Metaphoric Blending in Science Fiction. / *Studies about Languages*. – 2013. - №22. DOI: 10.5755/j01.sal.0.22.2656.
- 14 Stockwell P. The Iconicity of Style in Contemporary Science Fiction. / *English Studies*. – 2022. - №3.(103). P. 494–511. DOI: 10.1080/0013838X.2022.2050627.

15 Noletto I. Fictional Languages in Science Fiction Literature: Stylistic Explorations. – London, Routledge. – 2024. – 270 б.

Материал поступил в редакцию журнала 02.04.2025

Features of Verbal Fiction texts

A. Smailova¹, B. Kaukerbekova², S. Rakhimberlina¹, B. Rakhimbayeva¹

¹E.A. Buketov Karaganda Research University, Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan

²Karaganda Medical University, Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan

The language of a literary text is a complex, multifaceted phenomenon, and certain aspects still require further research in light of contemporary requirements. One such aspect is the linguistic and stylistic analysis of Kazakh literary texts.

This article examines the linguistic and stylistic features of the works of Kazakh science fiction writer Abdul-Hamid F. Marhabaev. It focuses on the author's purposeful use of specific vocabulary, including Kazakh dialect words, phraseological units, and proverbs containing ethnolexics and cultural realities, which serve to convey conceptual ideas. The study also considers the meaning of figures of speech employed by the writer, illustrated through examples from selected passages.

Based on the differentiation of artistic and stylistic functions of linguistic means, the article demonstrates that the author's individual word usage contributes to defining his stylistic signature. The analysis of these features confirms how specific lexical and stylistic choices shape the literary voice and aesthetic of Marhabaev's science fiction works.

Overall, the study of these linguistic and stylistic elements enhances the understanding of the author's creative approach and contributes to the broader development of literary text theory.

Key words: fiction, occasional, quasi-names, verbal layer, linguistic and cultural units, transformation.

REFERENCES

- 1 Adilova A.S. Qabıldau stilistikasy. [Stylistics of reception: a textbook]. (Almaty, 2016). [In Kazakh]
- 2 Marhabaev, A-H. Qazaq qıalynyń «júris-turystary» fantastıka janry: tarih jáne teoria.jazyshy [Science fiction genre "behavior" of the Kazakh imagination: history and theory]. (Almaty, 2011) [in Kazakh]
- 3 Glinka, N., Zaichenko, Y., & Machulianska, A. Stylistic Portrait of English Fantasy Texts (AWEJ, 2021).[in English] Web of Science
- 4 Abramenko E. V., Evsyukova T. V. Povestvovatelnye urovni v nauchno-fantasticheskom tekste i ih metaprozaicheskie implikatsii // Baltiski humanitarnyi jurnal [Narrative levels in a science fiction text and their metaprosaic implications] (Moscow, 2019). [in Russian]
- 5 Verbitskaya M. V. Teoria vtorichnyh tekstov (na materiale sovremennogo angliskogo iazyka) [Theory of secondary texts] (based on the material of the modern English language) (Moscow, 2000). [in Russian]
- 6 Suvin D. Positions and presuppositions in science fiction. (Baasingstoke,1988) [in English]
- 7 Csicsery Ronay. The Seven Beauties of Science Fiction. (Middletown, 2008). [in English]
- 8 Aıtbaıuly, Ó., Ábdrahmanov, S. Dialektologalyq sózdik. [Dialectological dictionary]. (Almaty, 2007) [in Kazakh]
- 9 Sarybaev, Sh. Qazaq til biliminiń máseleleri: gylymı basylym. [Problems of Kazakh linguistics]. (Almaty, 2014) [in Kazakh].
- 10 Syzdyq, R. Qazaq tilindegi eskilikter men jańalyqtar.. [Old and new in the Kazakh language]. (Almaty, 2009)[in Kazakh]

- 11 Lozhkina D. D. Mesto lingvistiki v sovremennom fantastovedenii. [The place of linguistics in modern fiction] (Saratov, 2021). [in Russian]
- 12 A.V. Olyanich, L.M. Rylshchikova. Linguosemiotic creativity of actualization of the concept of «information about the future» in science fiction discourse. (Volgograd, 2015). [in Russian]
- 13 Muradian G. Metaphoric Blending in Science Fiction. / *Studies about Languages*. (Kaunas, 2013). DOI: 10.5755/j01.sal.0.22.2656. [in English]
- 14 Stockwell P. The Iconicity of Style in Contemporary Science Fiction. / *English Studies*. (London, Taylor & Francis Ltd, 2022). DOI: 10.1080/0013838X.2022.2050627. [in English]
- 15 Noletto I. Fictional Languages in Science Fiction Literature: Stylistic Explorations. (London, 2024). [in English]

Received: 02.04.2025

МРНТИ 17.09.09

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp235-247](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp235-247)

Г.С. Умарова¹, Г.Н. Ахметова¹, В.А. Овчинникова¹

¹Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Уральск, 090000, Республика Казахстан

ХРОНОТОП В ПРОЗЕ МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Статья посвящена комплексному анализу феномена хронотопа в прозе мировой литературы с опорой на фундаментальные теоретические разработки М.М.Бахтина и их дальнейшее развитие в исследованиях современных литературоведов, включая Н.Э.Фаликову, И.В.Алимбочку, Н.Ю.Дмитриева, М.Ю.Никифорову, А.Б.Темирболат, Г.Н.Мухарлямову, Н.В.Рожкова; зарубежных литературоведов E.Steinberg, Nele Bemong, Bart Keunen; John Pier, Dr.Sophie Raine, Disha Chugh, а также казахстанских филологов М.Миразову, Ж.Аймухамбет, Ж.Болтанову, Е.Сабиеву, Т.Ахметову.

Цель работы заключается в аналитическом рассмотрении хронотопа как универсальной категории, объединяющей параметры времени и пространства, и в выявлении его функциональной роли в структурной и семантической организации как художественных, так и медийных текстов.

В качестве эмпирической базы исследуются произведения Оноре де Бальзака, Ф.Кафки, Шарля де Костера, Г.Рахима, А.Кутуя, М.Галяу, Ф.Рабле, Дж. Джойса, Г.Ф.Лавкрафта, У.Чэн-Эня, Ф.М.Достоевского, А.П.Чехова, Л.Н.Толстого, Ж.Жабаева, а также современные медиатексты, включая интервью журналиста Ю.Дудя с филологом А.Захаряном, публикации Е.С.Радионцевой, что позволяет расширить традиционное понимание хронотопа и проанализировать его функционирование в условиях междисциплинарного диалога.

Изучение литературных и медийных хронотопов дает возможность глубже и детальнее рассмотреть поэтику произведений классиков мировой литературы и их функционирование в современном медианпространстве; расширить поле их интерпретации, полнее раскрыть смысловые уровни и структуру, подчёркивая их универсальность и актуальность для изучения социокультурных процессов.

Исследование проведено с помощью культурно-исторического, сравнительно-сопоставительного методов, поиска типологических сходжений.

Ключевые слова: хронотоп, художественное время, художественное пространство, литературный анализ, структура текста, медианпространство.